

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 16 наурыз N 164-II

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат):

15-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия жұмыс беруші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден Республика аумағында жұмыс істеу үшін жалдайтын шетел азаматтарын тартуға арнап, Қазақстан Республикасының Үкіметі тұтастай және кәсіптік топтар бойынша белгілейтін квота ескеріле отырып беріледі."

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 U952337_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат):

4-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында тұрақты тұрушылар деп, соған ішкі істер органдарының берген рұқсатын және шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын не азаматтығы жоқ адамның куәлігін алған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар танылады.";

6-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек ету бостандығына конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында заң актілерімен шетелдік

азаматтардың Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы жөніндегі шектеулер белгіленуі мүмкін.";

үшінші бөліктегі "Шетел азаматтары" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын" деген сөздермен толықтырылсын;

10-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында заң актілерімен шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында тегін жоғары білім алуына шектеулер белгіленуі мүмкін.";

екінші бөліктегі ", сондай-ақ оқу орындарымен жасасқан контракттар мен шарттар бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

28-бапта:

в) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының шегінен қуылуы мүмкін" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы г) тармақшамен толықтырылсын:

"г) егер Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тұруы оны Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру үшін негіз болып табылып, заң актілерімен белгіленген тәртіппен неке заңсыз деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының шегінен қуылуы мүмкін.";

екінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Олар ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталады.".

3. 1997 жылғы 16 шілдедегі К970167_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 16, 141-құжат):

мынадай мазмұндағы 330-1-баппен толықтырылсын:

"330-1-бап. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау

Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың өздеріне қатысты

қабылданған Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешімдерді орындамауы -

бір жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.".

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК